

Бекітемін

«Степногорск қаласы  
білім бөлімі» ММ-нің  
басшысы  
Т.В. Семенюк

2020 жыл



**Степногорск қаласының білім бөлімі жанындағы  
жалпы білім беретін орта мектептер, қосымша білім беру ұйымдары  
және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ғаламтор-ресурстары  
қалалық байқауының  
Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

Степногорск қаласының білім бөлімі жанындағы жалпы білім беретін орта мектептер, қосымша білім беру ұйымдары және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ғаламтор-ресурстары қалалық байқауы, білім беру мекемелерінің сайттары мен әлеуметтік желілерін кеңінен насихаттау мақсатында «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылады.

1. Осы Ереже Байқауды өткізу тәртібі мен шарттарын анықтайды.
2. Байқау туралы ақпарат [www.stepnogorsk.aqmoedu.kz](http://www.stepnogorsk.aqmoedu.kz) ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

### **2. Байқаудың негізгі міндеттері**

2.1. «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мектептерінің, мектепке дейінгі ұйымдар мен қосымша білім беру ұйымдарының сайттары мен әлеуметтік желілерін белсендіру.

2.2. Азаматтар, оқушылар және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар үшін білім беру мекемелері туралы ақпаратты қол жетімділігін қамтамасыз ету.

### **3. Жалпы ережелер**

3.1. Байқауды ұйымдастыруши - «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

3.2. Байқауды ұйымдастыруға және өткізуге қатысты жалпы сипаттағы барлық сұрақтарды «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі шешеді.

3.3. Байқау - бұл «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты мектеп, қосымша және мектепке дейінгі ұйымдары (Ережеге сәйкес мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар түрлі бейне сынақтарда) қатыса алады.

### **4. Байқау бағдарламасының талаптары**

4.1. Талап ережелері жекелеген санаттарға арналған Ережелермен және осы Ережемен реттеледі (Қосымша қарандыз).

4.2. Команда - білім беру мекемесі (мектеп, мектепке дейінгі және қосымша білім беру мекемелері), ұжым - басшысы бастаған команда – білім беру мекемелердің сайттары мен әлеуметтік желілерінің сапалы және уақтылы толтырылуын (сайт,

Instagram, Facebook...), әрі қарай конкурсқа қатыса отырып, түрлі бейне сынақтарға қатысады.

Білім беру мекемесінің басшысы және сайттар мен әлеуметтік желілерінің басшылары мен әкімшілері білім беру үйымдарының байқауына қатысуды қамтамасыз етеді, байқаудың максималды нәтижелеріне қол жеткізу үшін өз оқу орындарының атынан қатысушы топ ретінде қатысуын бақылайды және үйлестіреді.

## **5. Жарыстарды үйымдастыру**

5.1. Байқау білім беру мекемелерінің сайттары мен әлеуметтік желілерін қашықтан мониторинг жүргізу режимінде өтеді.

5.2. Үйымдастырушы қатысушы топтарды Байқаудың шарттарын бұзғаны үшін шектеп, қазылар алқасы мүшелерінің бейтарап көзқарасы анықталған жағдайда байқаудың нәтижелерін жою құқығын өзіне қалдырады.

5.3. Үйымдастырушы қатысушыға немесе басқа адамға қабылданған шешімнің себептерін түсіндірмеуге құқылы.

5.4. Барлық сайттар мен әлеуметтік желілер сайыстың талаптарына сәйкес келуі керек.

5.5. Сайыс барысында ресми сайттарда және әлеуметтік желілерде жарияланған дайын материалдар өндөліп, үйымдастырушы өз қалауы бойынша, команданың тікелей рұқсатынсыз қолдана алады.

5.6. Жарияланған материалдардың эстетикалық дизайны мен олардың түпнұсқалылығы үшін жауапкершілік Байқау қатысушыларына жүктеледі.

5.7. Қатысушылар Байқау үйымдастырушылардың талаптарын орындауды керек.

5.8. Бейне чөлөндөрдеге және басқада бейнероликтерге 18 жасқа дейінгі балаларды қатыстыру үшін ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің жазбаша келісімі болуы қажет.

## **6. Конкурсқа қатысу және тіркеу**

6.1. Байқаудың өткізілетін уақыты - 2020 жылдың 10 маусымынан 20 тамыз аралығында. Өтініштер 5-9 маусым аралығында «Степногорск қаласы білім бөлімі» ММ-нің сайтында сілтеме: <https://docs.google.com/forms/d/1RFnbHPgBw3ix0fh9fqUXc5B4msESPCxjAXSALaCPGg/edit?usp=sharing> арқылы беріледі. Белгіленген мерзімде қатысушылар құрамына кіруге өтінім берілмеген жағдайда қатысушы топтар байқауға қатыстырылмайды.

## **7. Төрешілер алқасы**

7.1. Байқауды үйымдастырушы қазылар алқасын тағайындаиды.

7.2. Қазылар алқасының жұмысы байқау ережелеріне сәйкес үйымдастырылады.

7.3. Байқау қазылар алқа мүшелері байқау барысында барлық өкілеттіктерге ие.

7.4. Қазылар алқасы төрағасының шешімі шағымдануға жатпайды.

7.5. Қазылар алқасының мүшелері хаттамаларды электронды, баспа түрінде сақтауға және хаттаманы «қолмен» жасауға құқылы. Осы хаттамалардың кез келгені оған қазылар алқасының мүшелері мен қазылар алқасының төрағасы қойғаннан кейін жарамды болады.

## **8. Қаржыландыру**

8.1. Байқауды дайындауға және өткізуға байланысты барлық шығындарды Үйымдастырушы көтереді.

## **9. Корытындылау және марапаттау**

9.1. Байқауды ұйымдастыруши жүлде қорын құрады, Байқаудың жеңімпаздарын (қатысушыларын) бағалы сыйлықтармен және дипломдармен марапаттайды. Жарыстың әр санатында хаттамаға сәйкес орындар алған командалар марапатталады.

9.2. Жүлде қоры:

- бірінші орын - Видеокамера, Фотокамера и Штатив (до 350 000 тенге дейін);
- екінші орын - Компьютер (300 00 тенгеге дейін);
- үшінші орын - Epson L805 қара принтері (200 000 тенгеге дейін);

## 10. Байланыс ақпараты.

Мекен-жайы: Степногорск қаласы, 4 шағынауданы, №4 ғимарат «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, [www.stepnogorsk.akmoedu.kz](http://www.stepnogorsk.akmoedu.kz).

Тел./факс: 8 716 45 6 21 09, 8 777 954 10 25

E-mail: [jadyra\\_90.11@mail.ru](mailto:jadyra_90.11@mail.ru). [stepnogorskoo@akmoedu.kz](mailto:stepnogorskoo@akmoedu.kz)